

Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 1144 қаулысы

2022 жылғы 20 қазандағы Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге қосымша болып табылатын Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының жарғысының 14 және 20-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының Директорлар кеңесіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі ретінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Қалмұқаметұлы Төребаевтың кандидатурасы Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясының Басқарушылар кеңесінің қарауына жіберілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясы өзара іс-қимыл мәселелері бойынша байланыс жасайтын ресми орган ретінде белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов